



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 7 сәуір N 288. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. ~P991433

Үкімет актілерін заң актілерінің нормаларына сәйкес келтірудің қажеттілігіне байланысты және әділет органдарының жүргізіліп жатқан реформаларды құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 P961425\_ қаулысына:

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"Жылжымайтын мүлікті тіркеу жөніндегі қызметті қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің облыстық, қалалық басқармалары" деген жолдағы "730" деген сан "701" деген санмен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1473

P971473\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., 440-құжат):

1) 2-тармақта:

"аппаратының" деген сөз алынып тасталсын;

"150" деген сан "139" деген санмен ауыстырылсын;

2) 3-тармақта:

"екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Парламентпен байланыс жөніндегі хатшысы" деген сөздер алынып тасталсын;

"9" деген сан "11" деген санмен ауыстырылсын;

3) 4-тармақта "6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын.

4) аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ережеде:

5-тармақта:

"аппарат" деген сөзден кейін "Әділет министрлігінің жанындағы (министрлігіндегі) ведомстволар" деген сөздермен толықтырылсын;

"пен оның аумақтық органдары" деген сөздер "Әділет министрлігінің аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

бесінші абзац "соттардың" деген сөзден кейін "және сот приставтарының" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац "сот-сараптама қызметін ұйымдастыру" деген сөздерден кейін "әділет органдарының құзыретіне жатқызылған істер бойынша анықтауды жүзеге асыру, сот приставтарының жұмысын ұйымдастыру" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"шетелдік құқықтық көмек берумен және құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар жасаумен байланысты шараларды үйлестіру";

9-тармақта:

бірінші абзац "Соттардың" деген сөзден кейін "сот приставтарының" деген сөздермен толықтырылсын.

бесінші абзацтағы "жұмыстарын ұйымдастыру" деген сөздер алынып тасталсын, "сот приставтары мен сот атқарушыларының" деген сөздер "кадрларын" деген сөздің алдынан жазылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"сот жүйесін, сот приставтары мен сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, соттарды құру тәртібін белгілеу";

мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"әділет органдарының құзыретіне жатқызылған істер бойынша анықтауды жүзеге асыру, сот приставтарының жұмысын ұйымдастыру және басқару";

11-тармақта:

төртінші абзацтағы "Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын;

12-тармақта:

екінші абзац "жеке нотариустардың нотариалдық іс жүргізуді және

нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру тәртібін сақтауын бақылайды" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік тілді соттарда және аумақтық әділет органдарында енгізу процесіне бақылау мен әдістемелік басшылықты жүзеге асыру";

17-тармақ "Министрлік" деген сөзден кейін "Министрліктің жанындағы (министрліктегі) ведомстволар" деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақта "сондай-ақ вице-министрдің дәрежесіндегі Парламентпен байланыс жөніндегі хатшысы" деген сөздер алынып тасталсын;

20-тармақ бесінші абзацтан кейін мына мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"заңдарда белгіленген тәртіппен әскери және арнайы атақтар, сыныптық шендер береді";

21-тармақтағы "Парламентпен байланыс жөніндегі хатшының" деген сөздер "Әділет министрлігінің жанындағы (Әділет министрлігіндегі) ведомство басшыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Агенттіктің (Комитеттің) ережесін, штат саны мен құрылымын Үкімет бекітеді";

29-35-тармақтар "Комитет", "Комитеттің", "Комитетті" деген сөздерден кейін тиісінше "Департамент", "Департаменттің", "Департаментті" деген сөздермен толықтырылсын;

36-тармақтағы "агенттіктер (комитеттер)" деген сөздер алынып тасталсын.

5) аталған қаулының 1-қосымшасында:

"орталық аппаратының" деген сөздер алынып тасталсын;

"Соттардың қызметін, сот сараптамасын және атқарушылық іс

жүргізуді ұйымдастыру департаменті" деген сөздер "Соттардың, сот приставтарының қызметін ұйымдастыру және атқарушылық іс жүргізуді

камтамасыз ету департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тергеу департаменті (заңды тұлға құқығында) деген сөздермен толықтырылсын".

б) аталған қаулының 2-қосымшасында:

"ғылыми-зерттеу" деген сөздер алынып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_

қаулысына:

аталған қаулының 1-қосымшасында:

мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тергеу департаменті";

аталған қаулының 2-қосымшасында:

"Әділет министрлігі" деген жолдағы "150" деген сан "139" деген санмен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі